

ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘЖБҮРЛІ ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ ХАҚЫНДА



А.Ә. БИЕБАЕВА,
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының
Қылмыстық-құқықтық пәндердің
ғылыми-білім беру орталығының
директоры (Нұр-Сұлтан қ.),
e-mail: ardak_22@mail.ru
(автор-корреспондент)



А.М. КАЛГУЖИНОВА,
заң ғылымдарының магистрі,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Университетінің
Қылмыстық құқық және процесс
кафедрасының аға оқытушысы
(Қарағанды қ.),
e-mail: k_aigul_75@mail.ru

Қазақстанның қылмыспен келтірілген зиянды жәбірленушілерге мемлекет есебінен өтеу идеясын қабылдап, жәбірленушілердің құқықтарын мемлекеттік қорғаудың толыққанды институтын құру бағытында нақты қадамдарды қолға алуы мақала тақырыбының *өзектілігін* айқындайды. Зерттеу *пәнін* Қазақстан Республикасының жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасы құрады. Зерттеудің *мақсаты* – жәбірленушілерге мемлекет есебінен өтемақы төлеудің қазақстандық үлгісін шетелдік үлгілермен салыстыра отырып, оның ұтымды және кемшін тұстарына баға беру. Бұл мақсатқа жету жолында авторлар құқықтық болмысты танудың салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, жүйелі-құрылымдық талдау *әдістерінің* көмегіне жүгінді. Мақаланың *жаңашылдығы* мәжбүрлі төлемнің құқықтық табиғаты жайлы мәселенің алғаш рет көтерілуімен және оны Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың негізгі көзі ретінде танудың орындылығына қатысты сыни көзқарастың айтылуымен айқындалады. Зерттеу нәтижесінде авторлар жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы ұлттық заңнама өтемақы

алуға құқығы бар адамдардың санатын айқындау, өтемақыны тағайындау және төлеу тәртібін реттеу мәселесінде қылмыс құрбандарына мейлінше қолайлы жағдай жасауға бағытталғандығы, ал жәбірленушіге төленетін өтемақының мөлшері және Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастыру көздері мәселесінде сәтсіз ұстанымдар бар екендігі туралы қорытынды жасайды. Атап айтқанда, олар мәжбүрлі төлемді қылмыстық құқық бұзушылық үшін салынатын салыққа балап, одан бас тарту керектігін негіздейді, Жәбірленушілерге өтемақы қорын қылмыстық істер бойынша соттар тағайындаған айыппұлдың бір бөлігі және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражат есебінен толықтыруға көшуді ұсынады.

Тірек сөздер: қалпына келтіруші сот төрелігі; жәбірленуші; жәбірленушінің құқықтары; қылмыспен келтірілген зиян; қылмыс құрбандарына өтемақы институты; жәбірленушілерге өтемақы қорлары; жәбірленушілерге өтемақы қорларын қаржыландыру көздері; мәжбүрлі төлем.

Кіріспе

Қалпына келтіруші сот төрелігінің негізгі парадигмасына сәйкес, қылмыстық юстицияның басты мақсаты жазалау (сазайын тартқызу) емес, қылмыстан зардап шеккен адамның құқығын қалпына келтіру болуы керек.¹ Сондықтан қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу кезінде қылмыстан жапа шеккен жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделері қамтамасыз етілмесе, онда сот төрелігі іске асты деп ауыз толтырып айтуға келмейді.

Қылмысты әрекеттермен келтірілген зиянды өтеудің дәстүрлі тәсілі – реституция, яғни кінәліге азаматтық талап қою. Алайда, реституция жәбірленушілердің мүдделерін қанағаттандыруға әрқашан кепілдік бермейді. Оның себебі – не қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамдардың материалдық жағдайының мүшкілдігі, не қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі адамдардың анықталмауы. Түптеп келгенде бұл екі мән-жай жәбірленушіні қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың өтемін алу мүмкіндігінен толығымен айырады. Осыған орай соңғы онжылдықтарда көптеген дамыған елдердің заңгерлері мен заң шығарушыларының жіті назары қылмыстық заңмен қудаланатын әрекеттермен келтірілген зиянды жәбірленушілерге мемлекет есебінен толық немесе ішінара өтеу тетіктерін әзірлеуге және сынақтан өткізуге аударылып келеді.

Қылмыспен келтірілген зиянды жәбірленушілерге мемлекет есебінен өтеу идеясын қабылдаған және оны қылмыс құрбандарына ақшалай өтемақы түрінде жүзеге асырған алғашқы елдер Жаңа Зеландия (1963) және Ұлыбритания (1964) болды. Кейіннен бұл үрдіске Еуропа мемлекеттері, сондай-ақ Солтүстік Америка елдері қосыла бастады.

Қазақстан да бұл жалпыәлемдік үрдістен тыс қалған жоқ: бастапқыда мәселе тек ғылыми ізденістер деңгейінде көтеріліп келсе², соңғы жылдары қылмыс құрбандарына өтемақы институтын құру бағытында мемлекет тарапынан нақты қарарлар жасалуда.

¹Головки Л.В. Альтернативы уголовному преследованию как форма процессуальной дифференциации (современные тенденции развития): Автореф. дисс. ... докт. юрид. наук. М., 2003. С. 44.

²Ханов Т.А. Вопросы создания в Республике Казахстан государственного фонда компенсации имущественного вреда причиненного потерпевшему преступлением // Правовая реформа в Казахстане. 2005. № 3.

Мақаланың негізгі ережелері

Қазақстан 2018 жылы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша жәбірленушілерге өтемақы төлеуді қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы»³ Заң қабылдады. Осы Заңның қабылдануы, сондай-ақ салалық заңнамалық нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі жәбірленушілердің құқықтарын мемлекеттік қорғаудың толыққанды институтын құру бағытындағы маңызды қадам болды.

Өтемақы алуға құқығы бар адамдардың санаты, жәбірленушіге төленетін өтемақының мөлшері, өтемақыны тағайындау және төлеу тәртібі, өтемақы қорын қалыптастыру көздері, өтемақы қорын қалыптастырудың негізгі көзі болып табылатын мәжбүрлі төлем – осылардың барлығы отандық заңнама мен құқық қолдану практикасы үшін жаңа ұғымдар, жаңа тәжірибе болып табылады. Мақалада жәбірленушілерге мемлекет есебінен өтемақы төлеудің қазақстандық үлгісін шетелдік үлгілермен салыстыру жүргізіліп, оның ұтымды және кемшін тұстарына баға беріледі.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасының (Конституция, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару және Бюджет кодекстері, «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заң) нормалары, тақырып төңірегіндегі ғылыми еңбектер зерделенді. Бұл ретте автор құқықтық болмысты танудың салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, жүйелі-құрылымдық талдау әдістерінің көмегіне жүгінді.

Зерттеу нәтижелері

1. Қылмыс құрбандарына мемлекет есебінен өтемақы төлеудің халықаралық-құқықтық негіздері және ұлттық заңнама

Біздің еліміз жәбірленушілердің құқықтарын қорғау бағытында қолға алып отырған шаралардың халықаралық-құқықтық негізін Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қарашадағы 40/34 қарарымен бекітілген Қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділ сот төрелігінің негізгі ұстанымдары туралы Декларация⁴ құрағанын атап өткен жөн.

Декларация жәбірленушілердің құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі нысаны деп реституцияны таниды: тиісті жағдайларда құқық бұзушылар немесе олардың мінез-құлқына жауапты үшінші тараптар жәбірленушілерге, олардың отбасыларына немесе асырауындағы адамдарға әділ реституция ұсынуы керек (8-тармақ). Мемлекет қаржылық өтемақы беру міндетін құқық бұзушыдан немесе өзге көздерден толық көлемде өтемақы өндіру мүмкін болмаған жағдайларда ғана өз мойнына алады (12-тармақ). Мемлекеттерге құрбандарға өтемақы төлеу мақсатын көздейтін ұлттық қорларды құруда, нығайтуда және кеңейтуде көмек көрсету ұсынылады (13-тармақ).

³«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000131>.

⁴Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділ сот төрелігінің негізгі ұстанымдары туралы Декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 ж. 29 қарашасындағы 40/34 қарарымен бекітілді // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000003>.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚР Заңы өтемақы алуға құқығы бар адамдардың үш санатын бекітеді:

1) сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер болып табылатын кәмелетке толмағандар, адам саудасымен және азаптаулармен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер деп танылған адамдар;

2) денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған адамдар;

3) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушінің құқықтары берілген адамдар.

Бұл бөлігінде ұлттық заңнама Қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділ сот төрелігінің негізгі ұстанымдары туралы БҰҰ Декларациясының талаптарына толық жауап беретінін айта кеткен жөн. Бұл құжаттың 12-тармағында өтемақы алу құқығына ие адамдар ретінде а) аса ауыр қылмыстардың нәтижесінде айтарлықтай дене жарақаттарын алған немесе физикалық немесе психикалық денсаулығына зиян келген құрбандар; б) осындай виктимизация салдарынан қайтыс болған немесе физикалық немесе психикалық әрекет қабілеттілігін жоғалтқан тұлғалардың отбасылары, асырауындағы адамдар аталған.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚР Заңы жәбірленушілердің жоғарыда аталған әрбір санатына қатысты өтемақының мөлшерін айқындайды: жәбірленушілердің бірінші санатына – 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); екінші санатына – 40 АЕК; үшінші санатына – 50 АЕК.

Осы орайда ұлттық заңнама бойынша қылмыс құрбандарына төленуі тиіс өтемақы мөлшерінің мардымсыз екенін айта кеткіміз келеді. Салыстыру үшін, Ұлыбританияда өтемақы мөлшері келтірілген зиянның ауырлығына тәуелді, мысалы, алдыңғы тісінен айырылған адамға 1000, ал басқа тістерінен айырылған адамға – 250-800 фунт стерлинг мөлшерінде өтемақы төленеді⁵; Тайваньда жәбірленушіге төленетін өтемақының шекті мөлшері айқындалған, мысалы, емдеумен байланысты шығындар үшін төленетін өтемақы 400 мың тайвань долларынан (шамамен 12400 АҚШ доллары), жерлеумен байланысты шығындар үшін төленетін өтемақы 300 мың тайвань долларынан аспауы керек.⁶ Әлемдік тәжірибеде мемлекет төлейтін өтемақы, әдетте, медициналық көмекке кететін, жерлеуге жұмсалатын шығындарды жабады, сондай-ақ қайтыс болған асыраушының отбасы мүшелеріне материалдық қолдауды қамтиды.

Ұлттық заңнамадағы жәбірленушілерге өтемақыны тағайындау және төлеу тәртібіне келетін болсақ, қылмыс құрбандарына өтемақы тағайындау мүмкіндігі қылмысты жасаған адамның анықталып-анықталмағанына, оның қылмыстық қудалау органдарының қолына түсіп-түспегеніне, сотталып-сотталмағанына тәуелді емес. Заңға сәйкес өтемақы тағайындаудың формальдық негізін қылмыстық процесті жүргізетін органның адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулысы құрайды. Тек осыдан кейін жәбірленуші деп танылған адамның қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзіне өтемақы тағайындау тура-

⁵Безнасюк А., Абабков А. Государственная защита лиц, содействующих уголовному судопроизводству (зарубежный опыт, отечественные проблемы) // Российская юстиция. 1997. № 8. С. 39.

⁶Юношев С.В. Государственные компенсации жертвам преступлений в практике зарубежных стран // URL: <http://repo.ssau.ru/bitstream/Aktualnye-problemy-sovremennogo-ugolovnogoproцесса/Gosudarstvennye-kompensacii-zhertvam-prestuplenii-v-praktike-zarubezhnyh-stran-65010/1/%D1%81.%2064-74.pdf>. С. 70.

лы өтініш жасау құқығы пайда болады. Занда өтемақы тағайындау туралы өтініш берудің үш жылдық ескіру мерзімі белгіленген және жәбірленушінің өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру мүмкіндігі көзделген.

Өтемақы тағайындау туралы өтінішті қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган он күнтізбелік күн ішінде қарауға тиіс. Өтінішті және сәйкес құжаттарды қарау нәтижесінде қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның уәкілетті басшысы өтемақы тағайындау туралы не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Оң шешім қабылдаған жағдайда қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган тиісті өтінішті берген жәбірленушіні оның жеке сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін және өтемақы сомасын көрсете отырып, өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізіліміне енгізеді және тізілімді өтемақы тағайындау туралы шешім шығарылғаннан кейінгі айдың он бесінші күніне қарай ай сайын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тізілім негізінде төлем тапсырысын қалыптастырады және Жәбірленушілерге өтемақы қорынан өтемақыны төлеу алушылардың банктік шотына он күнтізбелік күннен кешіктірмей аударады.⁷

Көріп отырғанымыздай, жәбірленушілерге өтемақыны тағайындаудың және төлеудің заңда көзделген тәртібі – өте қарапайым, қағазбастылық элементтерден арылған және өтемақы тағайындау туралы өтініш берген сәттен бастап бас-аяғы бір-екі айдың ішінде өтемақының жәбірленушінің қолына түсуін қамтамасыз етеді.

2. Қазақстандағы және шетелдердегі жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың көздері

Әлем мемлекеттерінің жәбірленушілерге өтемақы төлеу жүйелері, әсіресе қорларды қаржыландыру тәжірибесі әрқелкі (Еуропа Кеңесі көрсеткендей, мемлекеттік өтемақы жүйелері үшін қаржыландыру көздері қоғамдық қорлар, қылмыскерлердің тәркіленген табыстары, айыппұлдар, сақтандыру келісімшарттарына салынатын салық немесе өзге де көздер болуы мүмкін).⁸ Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастыру көздері мәселесінде біздің заңнама өзге елдердің тәжірибесінен көп ерекшеленеді.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚР Заңының 10-бабы Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастыру көздеріне мыналарды жатқызады:

- 1) сот өндіріп алатын мәжбүрлі төлемдер;
- 2) процестік міндеттерді орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға (адвокатты, прокурор мен сотталушыны қоспағанда) сот салатын ақшалай өндіріп алулар;
- 3) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген және түзеу жұмыстары түрінде жаза тағайындалған сотталған адамнан ақшалай өндіріп алулар;
- 4) регрестік талаптар тәртібімен өндіріп алынған ақша;

⁷Өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімінің нысанын және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 82 бұйрығы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016340>.

⁸Реагирование системы уголовного правосудия в целях поддержки жертв террористических актов: Пересмотренное издание. Управление Организации Объединенных Наций по наркотикам и преступности. Нью-Йорк, 2012. С. 73 // URL: https://www.unodc.org/documents/terrorism/Publications/Support_to_victims_of_terrorism/Russian_.pdf.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер. Шетелдерде ұқсас қорлар қандай көздердің есебінен қалыптастырылады?

АҚШ-та Құрбандарға көмектің федералдық қоры (сонымен қатар мемлекеттік деңгейдегі ұқсас қорлар) мемлекет өндіріп алатын салықтар есебінен емес, айыппұлдар, кепілдіктер, түрлі баждар, алымдар және құқық бұзушылар төлейтін сот шығындары түрінде тағайындалған жалпы сома есебінен қаражат жинақтайды. Бұл қомақты қаражаттың барлығы біздегі сияқты бюджетке емес, Федералдық қордың шоттарына түседі.

Францияда, Нидерландта суброгация институты жұмыс істейді, оған сәйкес жәбірленушілер оларға қылмыспен келтірілген залалдың орнын мемлекет есебінен толтыру құқығына қылмыскер сот алдына келген сәтке дейін ие болады, ал одан әрі мемлекеттің өзі сотталушыдан жәбірленушіге келтірілген залалды төлеу бойынша барлық шығындарды регрестік тәртіппен өндіріп алады.

Таиландта Қаржы министрлігі Қылмыс құрбандарына көмек көрсету қорына елдің барлық соттары салған айыппұлдардың арқасында өткен жылы мемлекет кірісіне түскен табыстың 50 процентін аударады.

Тайваньда Қылмыс құрбандарына өтемақы мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыру көздеріне мыналар кіреді: әділет министрлігі құратын және басқаратын арнайы қор; түрмелердегі сотталғандардың жалақысының жалпы сомасынан түсетін қаражат; сотталғандардың бұрынғы қылмыстық әрекеттерінен түскен табыстары, сондай-ақ қылмыскерлердің мүлкін тәркілеу немесе меншігін сату нәтижесінде алынатын қаражат.⁹

Кениядағы Жәбірленушілерге өтемақы қорының бірнеше қаржыландыру көздері бар: белгілі бір қылмыс жасауға байланысты мемлекет пайдасына тәркіленген кез келген жылжымайтын мүлікті сатудан түскен ақша; қандай да бір тұлға жазаға субвенциялар, сыйлықтар, қайырмалдықтар немесе өсиет сыйлықтары.¹⁰

Шетелдік тәжірибені зерттеу көрсеткеніндей, қылмыс құрбандарына өтемақы төлеу мақсатын көздейтін ұлттық қорлар, әдетте, мүліктік жазалардың (айыппұл), қауіпсіздік шараларының (мүлікті тәркілеу), өзге де мүліктік сипаттағы санкциялардың (сот шығындары) немесе салықтардың есебінен толықтырылады. Қылмыстық жолмен алынған табыстарды тәркілеуден түскен мүлікті Жәбірленушілерге өтемақы төлеуге жұмсаудың орындылығы туралы БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясында¹¹ да, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында¹² да айтылған. Қылмыс құрбандарын қорғау мәселесімен шұғылданған отандық ғалымдар да өтемақы қоры сот үкімі бойынша мемлекет кірісіне

⁹Қараңыз: Юношев С.В. Указ. соч. С. 65-70.

¹⁰Реагирование системы уголовного правосудия в целях поддержки жертв террористических актов: Пересмотренное издание. Управление Организации Объединенных Наций по наркотикам и преступности. Нью-Йорк, 2012. С. 86 // URL: https://www.unodc.org/documents/terrorism/Publications/Support_to_victims_of_terrorism/Russian_.pdf.

¹¹«Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000040_.

¹²«Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_.

айналдырылған тәркіленген мүлік қаражатынан¹³ немесе айыппұл¹⁴ есебінен қалыптастырылуы керек деген пікір білдірген болатын.

Отандық заңнама айыппұлдардан түскен түсімдерді де, тәркіленген табыстарды да Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастыру көздеріне жатқызбайды. Қылмыстық заңнамада көзделген мүліктік жазалардың ішінен Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастыру көздерінің қатарында түзеу жұмыстары аталған. Қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын негізгі жаза түрі болғанына қарамастан, түзеу жұмыстары бүгінгі күні өте сирек тағайындалатын жазалар қатарынан саналады. Оның басты себебі – қылмыстық құқық бұзушылық жасағандардың арасында тұрақты жұмысы жоқ адамдардың үлес салмағының өте жоғары болуы, мысалы, елімізде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың 80 проценттен астамы жұмыссыз болып табылады.¹⁵

Сонымен, бүгінгі күні біздің елімізде Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың негізгі көзін Заңдағы тізімде бірінші кезекте көрсетілген мәжбүрлі төлемдер құрайды.

3. Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың негізгі көзі ретіндегі мәжбүрлі төлем

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚР Заңында мәжбүрлі төлемнің нормативтік анықтамасы тұжырымдалмаған. ҚР Қылмыстық кодексінің 3-баб. 26-1)-тармағында мәжбүрлі төлем «Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасына сәйкес соттың айыптау үкімі бойынша өндіріп алынатын тиянақталған ақшалай соманы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның төлеу жөніндегі міндеті» деп анықталады. Сонымен қатар қылмыстық заңда мәжбүрлі төлемнің мақсаты – «жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау» деп көрсетілген. Қылмыстық-процестік заңнама (ҚПК-нің 401-бабы) айыптау үкімінің қарар бөлігінде міндетті түрде қамтылуы тиіс мәселелердің қатарында Жәбірленушілерге өтемақы қорына өндіріп алынатын мәжбүрлі төлемдердің мөлшері туралы шешімді атайды.

Мәжбүрлі төлемнің мөлшері жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне тәуелді. Заңда бұл тәуелділік қылмыстық құқық бұзушылықтың түрі мен қылмыстың санатын ескеру арқылы көрсетілген: қылмыстық теріс қылықтар үшін – 5 АЕК; онша ауыр емес қылмыстар үшін – 10 АЕК; ауырлығы орташа қылмыстар үшін – 15 АЕК; ауыр қылмыстар үшін – 20 АЕК; аса ауыр қылмыстар үшін – 30 АЕК.

ҚР Бюджет кодексі Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың барлық көздерін салықтық емес түсімдер деп белгілейді (52-2-бап). Мәжілістің экс-депутаты В. Олейник өз сұхбатында Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптасты-

¹³Ханов Т.А. Указ. соч.

¹⁴Шорманбаева А. Вопросы создания Фонда выплаты компенсаций жертвам торговли людьми в Республике Казахстан // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31299043&mode=p&page=1&pos=4;-103#pos=4;-103.

¹⁵Форма отчета №1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях». Раздел 7. Сведения о роде занятий лиц, совершивших правонарушения // URL: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPage Group/Services/Pravstat>.

рудың барлық көздерінің бюджеттен тыс сипатын «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚР Заңын әзірлеушілердің ерекше еңбегі деп көрсетеді.¹⁶

Біз болсақ, бұл ұстанымды жетістік деп бағалаудан аулақпыз. Өйткені жәбірленушілерге немесе олардың өкілдеріне материалдық көмек көрсетудің қаржылық құралын жасай отырып, Қазақстан жәбірленушілерге қылмыстық әрекеттермен келтірілген зиянды мемлекет есебінен өтеудің негізгі идеясынан ауытқып, бұл міндетті қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамдардың өздеріне жүктеп қойды. Нәтижесінде онсыз да қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтей алмайтын не өтеуге қиналатын сотталған адамдарға мәжбүрлі төлем қосымша ауыртпалық болып жүктеліп отыр.

Қылмыстық кодекс мәжбүрлі төлемді өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына жатқызады. Өкінішке орай, қолданыстағы қылмыстық заңнамада өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының жалпы анықтамасы бекітілмеген, олардың айқын жүйесі көзделмеген. Дегенмен ҚР ҚК-нің 2-баб. 2-бөлігін басшылыққа ала отырып, олардың жазамен арақатынасы мәселесін ашып алуға болады: қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық жасаған адамдарға мемлекет атынан жауап ретінде қолданылатын шаралар жалпылама түрде «қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деп аталса, олар өз кезегінде «жазалар» және «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деп бөлінеді.

Профессор Қ.Ж. Балтабаев әдебиетте ұшырасатын пікірлерді талдау және тиянақтау негізінде құрастырылған авторлық анықтамасында өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының төмендегідей белгілерін атайды:

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тағайындалады;
- қылмыстық жауаптылықты іске асырудың нысаны болып табылады;
- жазалаушылық қасиеттен ада құқықтық шектеулермен ұштасады;
- не жазаны толықтыратын құралдар рөлінде, не оның баламасы ретінде қолданылады.

Мәжбүрлі төлем тағайындалған адам жазаға тән мүліктік шектеулерді басынан кешіретінін ескере отырып, профессор Қ.Ж. Балтабаев оған қылмыстық жазаның қасиеттері тән екенін айтады. Сондықтан жаза тағайындалып қойылған адамға соттың мәжбүрлі төлемді айқындауы бір құқық бұзушылық үшін ешкімді қайтадан қылмыстық жауапқа тартуға болмайтыны туралы конституциялық принципке (ҚР Конституциясының 77-бабы) өрескел қайшы келетінін алдыға тартады¹⁷.

ҚР Жоғарғы Сотының құрметті отставкадағы судьясы Н.И. Мамонтов мәжбүрлі төлем өзінің құқықтық табиғаты бойынша жәбірленушілерді біржолғы әлеуметтік қолдау шарасы болып табылады деп санайды.¹⁸

¹⁶Олейник В. Фонд компенсации потерпевшим – полноценный институт государственной защиты прав потерпевших // Заң және заман. 2018. № 2 (206). С. 4.

¹⁷Балтабаев К.Ж. О некоторых концептуальных аспектах современной уголовно-правовой политики Республики Казахстан / Актуальные проблемы противодействия преступности в современных условиях: Материалы Международной научно-практической конференции. Нур-Султан, 27 марта 2021 г. / Отв. редактор д.ю.н., профессор К.Ж. Балтабаев. Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. С. 13.

¹⁸Мамонтов Н.И. Отдельные нюансы формирования Фонда и выплаты из него потерпевшим компенсации (некоторые комментарии) // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35356287&pos=4;-106#pos=4;-106.

Біз мәжбүрлі төлемді қылмыстық құқық бұзушылық үшін салынатын салық деп қабылдауға негіз бар деп санаймыз. Өйткені мәжбүрлі төлем өзінің мәні бойынша бюджетке төленетін қайтарымсыз және өтеусіз сипаттағы міндетті ақшалай төлем болып табылады, оның мөлшерін біржақты тәртіппен мемлекет белгілейді және, ең бастысы, бұл қаражатты өзінің қылмыс құрбандарының алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауға жұмсайды.

Келтірілген пікірлердің әркелкілігі мәжбүрлі төлемнің құқықтық табиғатының айқын емес екенін растайды.

Талқылау

Жәбірленушілерге өтемақы жүйесінің қазақстандық үлгісін құруға халықаралық стандарттардың, шетелдік озық тәжірибелердің әсері болғаны еш күмән туғызбайды. Дегенмен отандық заңшығарушы Жәбірленушілерге өтемақы қорын толықтырудың негізгі көзі ретінде басқа мемлекеттердің тәжірибесінде кездеспейтін «мәжбүрлі төлем» атты қаржылық құралды (іс жүзінде қылмыстық құқық бұзушылық үшін салынатын салықты) ойлап тауып отыр. Осы факт, біздің ойымызша, қылмыстық сот ісін жүргізудің әлі күнге дейін «жазалаушылық бағыттан арылмағандығының»¹⁹ тағы бір айшықты көрінісі болып табылады.

Қорытынды

Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы ұлттық заңнама өтемақы алуға құқығы бар адамдардың санатын айқындау, өтемақыны тағайындау және төлеу тәртібін реттеу мәселесінде қылмыс құрбандарының мұн-мұқтажын ескеруге, оларға мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Ал жәбірленушіге төленетін өтемақының мөлшері және Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастыру көздері мәселесінде сәтсіз ұстанымдар бар.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау, қорғау – құқықтық мемлекеттің конституциялық міндеті. Егер қылмыскер жәбірленушіге келтірілген зиянды өтей алмаса (мысалы, қылмыс жасаған адамның материалдық жағдайына, өліміне, жауаптылықтан жалтаруына, анықталмауына байланысты), онда бұл міндетті мемлекет өз мойнына алуы керек. Жәбірленушілерге қылмыстық әрекеттермен келтірілген зиянды мемлекет есебінен өтеудің негізгі идеясы осыған барып саяды. Біздің мемлекет болса бұл міндетті қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамдардың өздеріне жүктеп қойды. Онсыз да қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтей алмайтын не өтеуге қиналатын сотталған адамдарға мәжбүрлі төлем қосымша ауыртпалық болып жүктеліп отыр.

Нәтижесінде бүгінгі күні ақылға қонбайтын жағдай қалыптасты: кінәлілердің басым бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеу үшін қажетті мүліктің немесе кірістердің болмауына байланысты өзінің дәрменсіздігін көрсеткен реституция институтының кемшіліктерін бейтараптандыру мақсатында енгізілген жәбірленушіге өтемақы институты түптеп келгенде дәл осындай проблемаға тап болды. Практикада мәжбүрлі төлем бөлігінде үкімді орындамаған сотталушылардың жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру жөніндегі өтінішхаттары қанағаттандырылмауда.

¹⁹Плошкина Я.М. Добровольное возмещение причиненного преступлением вреда в российском и германском уголовных процессах // Право и государство. 2021. № 2 (91). С. 103.

Мақалада көтерілген проблемалардың шешімі Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың көздері қатарынан мәжбүрлі төлемді алып тастап, оны қылмыстық істер бойынша соттар тағайындаған айыппұлдың бір бөлігі (мысалы, 50 проценті) және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражат есебінен толықтыруға көшу бола алады деп санаймыз.

А.А. Биебаева, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, директор Научно-образовательного центра уголовно-правовых дисциплин Академии правосудия при Верховном суде Республики Казахстан (Нур-Султан); А.М. Калгужинова, старший преподаватель кафедры Уголовного права и процесса Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова (Караганда): О принудительном платеже в системе компенсации потерпевшим и его правовой природе.

Актуальность темы статьи обусловлена предпринимаемыми Казахстаном шагами в направлении создания полноценного института государственной защиты прав потерпевших, важным из которых стало восприятие идеи компенсации потерпевшим причиненного преступлением вреда за счет государства. *Предмет* исследования составило законодательство Республики Казахстан о фонде компенсации потерпевшим. *Цель* исследования – сравнение казахстанской модели компенсации потерпевшим с аналогичными зарубежными моделями, оценка ее преимуществ и недостатков. Для достижения этой цели авторы прибегли к помощи таких *методов* познания правовой действительности как сравнительно-правовой, формально-правовой, системно-структурный анализ. *Новизна* статьи заключается в том, что в ней впервые поднимается вопрос о правовой природе принудительного платежа и высказываются критические замечания относительно целесообразности признания его основным источником формирования Фонда компенсации потерпевшим. По результатам исследования авторы приходят к *выводу* о том, что национальное законодательство о фонде компенсации потерпевшим направлено на создание наиболее благоприятных условий жертвам преступлений в вопросе определения категории лиц, имеющих право на получение компенсации, регулирования порядка назначения и выплаты компенсации, а подходы к определению размера компенсации, выплачиваемой потерпевшему, и источников формирования фонда компенсации потерпевшим оценивают как неудачные. В частности, они обосновывают необходимость отказа от принудительного платежа, воспринимаемого ими как налог на преступление, и предлагают перейти к практике пополнения Фонда компенсации потерпевшим за счет части штрафов, назначаемых судами по уголовным делам, и средств от реализации конфискованного имущества.

Ключевые слова: *восстановительное правосудие; потерпевший; права потерпевшего; причиненный преступлением вред; институт компенсации жертвам преступлений; фонды компенсации потерпевшим; источники финансирования фондов компенсации потерпевшим; принудительный платеж.*

A.A. Biyebayeva, Candidate of Legal Sciences, Associate Professor, Director of the Scientific and Educational Center of Criminal Law Disciplines of Academy of Justice under the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan (Nur-Sultan); A.M. Kalguzhinova, Senior Lecturer of the Department of Criminal Law and Procedure of Academician E.A. Buketov Karaganda University (Karaganda): On compulsory payment in the victim compensation system and its legal nature.

The relevance of the topic of the article is determined by the steps taken by Kazakhstan towards the creation of a full-fledged institution of state protection of the rights of victims, the most important of which was the acceptance of the idea of compensation to victims of the harm caused by the crime at the expense of the state. The subject of the study is the legislation of the Republic of Kazakhstan on the Compensation Fund for Victims. The purpose of the study is to compare the Kazakh model of compensation for victims with similar foreign models, to assess its advantages and disadvantages. To achieve this goal, the authors resorted to such methods of cognition of legal reality as comparative legal, formal legal, system-structural analysis. The novelty of the article lies in the fact that it raises for the first time the question of the legal nature of compulsory payment and makes critical comments on the expediency of recognizing it as the main source of the formation of the Compensation Fund for Victims. According to the results of the study, the authors conclude that the domestic legislation on the victims' compensation fund is aimed at creating the most favorable conditions for victims of crimes in determining the category of persons entitled to compensation, regulating the procedure for assigning and paying compensation, and approaches to determining the amount of compensation paid to the victim and sources of the victims' compensation fund are assessed as unsuccessful. In particular, they justify the need to refuse compulsory payment, which they perceive as a tax on a crime, and suggest switching to the practice of replenishing the Compensation Fund for Victims at the expense of part of the fines imposed by criminal courts and funds from the sale of confiscated property.

Keywords: restorative justice; the victim; the rights of the victim; the harm caused by the crime; the institution of compensation for victims of crimes; compensation funds for victims; sources of funding for compensation funds for victims; compulsory payment.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балтабаев К.Ж. О некоторых концептуальных аспектах современной уголовно-правовой политики Республики Казахстан / Актуальные проблемы противодействия преступности в современных условиях: Материалы Международной научно-практической конференции. Нур-Султан, 27 марта 2021 г. / Отв. редактор д.ю.н., профессор К.Ж. Балтабаев. Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. – 172 с.
2. Безнасюк А., Абабков А. Государственная защита лиц, содействующих уголовному судопроизводству (зарубежный опыт, отечественные проблемы) // Российская юстиция. 1997. № 8. – С. 38-39.
3. Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін әділ сот төрелігінің негізгі ұстанымдары туралы Декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 ж. 29 қарашасындағы 40/34 қарарымен бекітілді // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000003>.
4. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000040_.
5. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_.
6. Головки Л.В. Альтернативы уголовному преследованию как форма процессуальной дифференциации (современные тенденции развития): Автореф. дисс. ... докт. юрид. наук. М., 2003. – 54 с.

7. «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000131>.

8. Мамонтов Н.И. Отдельные нюансы формирования Фонда и выплаты из него потерпевшим компенсации (некоторые комментарии) // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35356287&pos=4;-106#pos=4;-106.

9. Олейник В. Фонд компенсации потерпевшим – полноценный институт государственной защиты прав потерпевших // Заң және заман. 2018. № 2 (206). – С. 2-6.

10. Өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімінің нысанын және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 82 бұйрығы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016340>.

11. Плошкина Я.М. Добровольное возмещение причиненного преступлением вреда в российском и германском уголовных процессах // Право и государство. 2021. № 2 (91). – С. 92-107.

12. Реагирование системы уголовного правосудия в целях поддержки жертв террористических актов: Пересмотренное издание. Управление Организации Объединенных Наций по наркотикам и преступности. Нью-Йорк, 2012 // URL: https://www.unodc.org/documents/terrorism/Publications/Support_to_victims_of_terrorism/Russian_.pdf.

13. Форма отчета №1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях». Раздел 7. Сведения о роде занятий лиц, совершивших правонарушения // URL: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>.

14. Ханов Т.А. Вопросы создания в Республике Казахстан государственного фонда компенсации имущественного вреда причиненного потерпевшему преступлением // Правовая реформа в Казахстане. 2005. № 3.

15. Шорманбаева А. Вопросы создания Фонда выплаты компенсаций жертвам торговли людьми в Республике Казахстан // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31299043&mode=p&page=1&pos=4;-103#pos=4;-103.

16. Юношев С.В. Государственные компенсации жертвам преступлений в практике зарубежных стран // URL: <http://repo.ssau.ru/bitstream/Aktualnye-problemy-sovremennogo-ugolovnogogo-processa/Gosudarstvennye-kompensacii-zhertvam-prestuplenii-v-praktike-zarubezhnyh-stran-65010/1/%D1%81.%2064-74.pdf>.

References (transliterated):

1. Baltabaev K.Zh. O nekotoryh konceptual'nyh aspektah sovremennoj ugolovno-pravovoj politiki Respubliki Kazahstan / Aktual'nye problemy protivodejstviya prestupnosti v sovremennyh usloviyah: Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Nur-Sultan, 27 marta 2021 g. / Otv. redaktor d.yu.n., professor K.Zh. Baltabaev. Nur-Sultan: IP «Bulatov A.Zh.», 2021. – 172 s.

2. Beznasyuk A., Ababkov A. Gosudarstvennaya zashchita lic, sodejstvuyushchih ugolovnomu sudoproizvodstvu (zarubezhnyj opyt, otechestvennye problemy) // Rossijskaya yusticiya. 1997. № 8. – С. 38-39.

3. Birikken Ülttar Üiymynың qylmys және bilikti asyra paidalanu qūrbandary үшін әдил sot төreliginiң negizgi ұстанымдары туралы Deklarasiyasы. BÜÜ Bas Assambleyasynың 1985 j. 29 qaraşasyndaғы 40/34 qararymen bekitildi // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000003>.

4. «Birikken Ūlttar Ūiymynyn Transŭlttyq ūiymdasqan qylmysqa qarsy konvensiyasyn ratifikasiyalau turaly» 2008 jylǵy 4 mausymdaǵy Qazaqstan Respublikasynyn Zańy // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000040>.
5. «Birikken Ūlttar Ūiymynyn Sybailas jemqorlyqqa qarsy konvensiyasyn ratifikasiyalau turaly» 2008 jylǵy 4 mamyrdaǵy Qazaqstan Respublikasynyn Zańy // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031>.
6. Golovko L.V. Al'ternativy ugolovnomu presledovaniyu kak forma processual'noj differenciacii (sovremennye tendencii razvitiya): Avtoref. diss. ... dokt. yurid. nauk. M., 2003. – 54 s.
7. «Jábirlenuşilerge ótemaqy qory turaly» 2018 jylǵy 10 qańtardaǵy Qazaqstan Respublikasynyn Zańy // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000131>.
8. Mamontov N.I. Otdel'nye nyuansy formirovaniya Fonda i vyplaty iz nego poterpevshim kompensacii (nekotorye kommentarii) // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35356287&pos=4;-106#pos=4;-106.
9. Olejnik V. Fond kompensacii poterpevshim – polnocennyj institut gosudarstvennoj zashchity prav poterpevshih // Zan zhane zaman. 2018. № 2 (206). – S. 2-6.
10. Ótemaqy aluşylardyń ortalyqtandyrylǵan tiziliminiń nysanyn jáne ony ūsynu qaǵıdalaryn bekıtu turaly, Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniń 2018 jylǵy 30 qańtardaǵy № 82 bŭıryǵy // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016340>.
11. Ploshkina Ya.M. Dobrovol'noe vozmeshchenie prichinennogo prestupleniem vreda v rossijskom i germanskom ugolovnyh processah // Pravo i gosudarstvo. 2021. № 2 (91). – S. 92-107.
12. Reagirovanie sistemy ugolovno go pravosudiya v celyah podderzhki zhertv terroristicheskikh aktov: Peresmotrennoe izdanie. Upravlenie Organizacii Ob'edinennyh Nacij po narkotikam i prestupnosti. N'yu-York, 2012 // URL: https://www.unodc.org/documents/terrorism/Publications/Support_to_victims_of_terrorism/Russian_.pdf.
13. Forma otcheta №1-M «O zaregistrirrovannyh ugolovnyh pravonarusheniyah». Razdel 7. Svedeniya o rode zanyatij lic, sovershivshih pravonarusheniya. // URL: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>.
14. Hanov T.A. Voprosy sozdaniya v Respublike Kazahstan gosudarstvennogo fonda kompensacii imushchestvennogo vreda prichinennogo poterpevshemu prestupleniem // Pravovaya reforma v Kazahstane. 2005. № 3.
15. Shormanbaeva A. Voprosy sozdaniya Fonda vyplaty kompensacij zhertvam trgovli lyud'mi v Respublike Kazahstan // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31299043&mode=p&page=1&pos=4;-103#pos=4;-103.
16. Yunoshev S.V. Gosudarstvennye kompensacii zhertvam prestuplenij v praktike zarubezhnyh stran // URL: <http://repo.ssau.ru/bitstream/Aktualnye-problemy-sovremennogo-ugolovno-go-processa/Gosudarstvennye-kompensacii-zhertvam-prestuplenii-v-praktike-zarubezhnyh-stran-65010/1/%D1%81.%2064-74.pdf>.

Для цитирования и библиографии: Биебаева А.Ә., Калгужинова А.М. Жәбірленушілерге өтемақы жүйесіндегі мәжбүрлі төлем және оның құқықтық табиғаты хақында // Право и государство. 2021. № 4(93). – С. 100-112. DOI: 10.51634/2307-5201_2021_4_100

Материал поступил в редакцию 22.11.2021